



БҰЙРЫҚ

«25» мамыр 2023 жыл

Астрахан с.

ПРИКАЗ

№ 47 н/к

с. Астраханка

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

«Қазақстан Республикасының Конституциясы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңының 8-бабының 5-тармағына, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығына сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Астрахан ауылы, Агротехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны 2022 жылғы 1 маусымнан 2023 жылғы 2 маусымға дейінгі кезеңдегі қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне келесі бағыттар бойынша ішкі талдау жүргізу:

1) мекеменің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) мекеменің ұйымдық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жалпы кезең 2023 жылғы 1 маусымнан бастап 2023 жылғы 30 маусымға дейін белгіленсін.

3. Құрамында Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жұмыс тобы бекітілсін:

- 1) Поплавская Н.Г. – басшының оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары;
 - 2) Тур Л.И. – басшының оқу жөніндегі орынбасары;
 - 3) Кун В.Г. – кәсіби бағдарлау және мансап орталығының басшысы ;
 - 4) Журавлёва О.Л. – бас бухгалтер;
 - 5) Ергалиев Н.К.- заңгер
 - 6) Бутенко О.Б.- колледж қамқоршылық кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басшының м.а.



В. Путинцева